

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/welcome



AJ6200D(White)

AJ6200DB(Black)



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды ақпарат	3	9	Ескерту	14
				Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы	14
				Сәйкестік туралы декларация	14
2	Сіздің радиосағатыңыз	4			
	Қорап ішіндегі заттар (1-сурет)	4			
	Негізгі құрылғыға шолу (2-сурет)	5			
3	Жұмысты бастау	6			
	Қуатты қосу	6			
	Уақытты орнату	7			
	Қосу	7			
4	iPod/iPhone құрылғысынан ойнату	8			
	Үйлесімді iPod/iPhone	8			
	iPod/iPhone құрылғыларындағы дыбысты тыңдау (5-сурет)	8			
	iPod/iPhone құрылғысын зарядтау	8			
	Дыбыс деңгейін реттеу	8			
5	FM радионы тыңдау	9			
	FM радио станцияларын реттеу	9			
	FM радио станцияларын автоматты түрде сақтау	9			
	FM радио станцияларын қолмен сақтау	9			
	Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау	10			
6	Басқа мүмкіндіктер	10			
	Оятқыш таймерін орнату	10			
	Ұйқы таймерін орнату	11			
	Сыртқы құрылғыдан дыбыс ойнату (7-сурет)	11			
	Дисплей жарықтығын реттеу (8-сурет)	12			
7	Өнім туралы ақпарат	12			
	Ерекшеліктер	12			
8	Ақаулықтарды жою	13			

1 Маңызды ақпарат



Абайлаңыз


- Бұл радио-сағаттың корпусын ешқашан алмаңыз.
 - Осы радио-сағаттың ешбір бөлігін ешқашан майламаңыз.
 - Бұл радио-сағатты ешқашан басқа электр құрылғының үстіне қоюшы болмаңыз.
 - Бұл радио-сағатты күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызатын жерлерден алыс ұстаңыз.
 - Радио-сағатты қуат көзінен ажырату үшін, қуат сымна, ашаға немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.
-
- Желдету үшін өнім айналасында жеткілікті бос орын бар екендігін тексеріңіз.
 - Осы радио-сағат үстіне судың тамшылауына немесе шашырауына жол беруге болмайды.
 - Радиосағаттың үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық құйылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
 - Direct Plug-in адаптерінің ашасы ажырату құрылғысы ретінде пайдаланылатын жерде, ажырату құрылғысы пайдалануға дайын болып қалуы керек.
 - Тек пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат көздерімен қолданыңыз.
 - Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:
 - Барлық батареяларды + және - полюстерін құрылғыда белгіленгендей дұрыстап алыңыз.
 - Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).

- Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяларды шығарып алыңыз.
- Батареяларды күн сәулесі, от немесе сол сияқты шамадан тыс қызатын заттардың әсеріне ұшыратуға болмайды.



2 Сіздің радиосағатыңыз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Қорап ішіндегі заттар (1-сурет)



Негізгі құрылғыға шолу (2-сурет)



① SOURCE

- Көзді таңдау үшін басу. (DOCK/FM/AUDIO IN)
- Күту режиміне ауысу үшін, 3 секунд бойы басып тұру.

② SLEEP

- Ұйқы таймерін орнату.

③ SNOOZE/BRIGHTNESS

- Оятқышты кейінге қалдыру.
- Диплей жарықтығын реттеу.

④ Дисплейлі панель

- Ағымдағы ақпаратты көрсетеді.

⑤ iPod/iPhone үшін док

⑥ AL1/AL2

- Оятқыш параметрлерін көру.
- Оятқыш таймерін іске қосу немесе ажырату.

⑦ VOLUME +/-

- Дыбыс деңгейін реттейді.

⑧ Бірінші тұтқа (HOUR/PRESET)

- Сағатты реттеу.
- Алдын ала орнатылған радиостанцияны таңдау.

- ⑨ **Екінші тұтқа (MINUTE/TUNING)**
- Минутты реттеу.
 - FM радиостанциясын реттеу.
 - Алдыңғы немесе келесі әуенге өткізу.
- ⑩ **Үшінші тұтқа (SET TIME/SET RADIO/CLOCK/SET AL1/SET AL2)**
- Уақытты орнату.
 - FM радиостанцияларын іздеу/сақтау.
 - Оятқышты орнату.
- ⑪ **BUZZ/FM/DOCK**
- 1-оятқыш және 2-оятқыш үшін оятқыш көзін таңдау.
- ⑫ **🔌 (5,0 В --- 1 А)**
- iPod/iPhone құрылғысын USB кабелі (қосылмаған) арқылы зарядтау.
- ⑬ **AUDIO IN**
- Сыртқы дыбыс құрылғысын қосыңыз.
- ⑭ **FM ANT**
- FM қабылдауын жақсартады.

3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Қуатты қосу

Құрылғы айнымалы ток көзін пайдаланады. Батареялар тек резервтік дабыл беру мақсатына қолданылады.

АТ адаптері (3-сурет)



Абайлаңыз


- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! АТ адаптерін ажыратқанда, әрқашан розеткадан ашасынан ұстап суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.

АТ қуат сымын қабырға розеткасына қосыңыз.



Кеңес

- Қуатты үнемдеу үшін, пайдаланудан кейін құрылғыны өшіріңіз.



батарея қуаты (4-сурет)



Ескерту


- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды қоқысқа дұрыс тастау керек.



Ескертпе

- Батареялар қосалқы құралдар жинағына кірмейді.
- Батарея зарядының деңгейі төмен болғанда **bAt** дисплейде көрсетіледі.

- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 2 батареяны (түрі: 1,5 В LR6/AA) дұрыс жағымен (+/-) қаратып, көрсетілгендей салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.



↳ Сағат және минут сандары жыпылықтайды.

- 2 Сағатты реттеу үшін, **бірінші тұтқаны** бұраңыз.
- 3 Минутты реттеу үшін, **екінші тұтқаны** бұраңыз.
- 4 Растау үшін **OK** түймесін **бірінші тұтқада** басыңыз.
↳ Орнатылған уақыт көрсетіледі.
- 5 Орнатудан кейін **үшінші тұтқаныCLOCK** (сағат) күйіне бұраңыз.
↳ Сағат және минут сандары жыпылықтауын тоқтатады.



Ескертпе

- iPod/iPhone құрылғысы қосылған кезде радио-сағат iPod/iPhone уақытымен автоматты түрде синхрондалады.

Қосу

Розеткаға қосқаннан кейін радио-сағат автоматты түрде қосылады.

Күту режиміне ауысу

Күту режиміне ауысу үшін, **SOURCE** түймесін 3 секунд бойы басып тұрыңыз.

↳ Дисплей панеліндегі көз көрсеткіші өшеді.

Уақытты орнату

- 1 Сағатты орнату режимін белсендіру үшін, **үшінші тұтқаны «SET TIME»** (УАҚЫТТЫ ОРНАТУ) күйіне бұраңыз.

4 iPod/iPhone құрылғысынан ойнату

Осы радио-сағат арқылы iPod/iPhone дыбысын тыңдауға болады.

Үйлесімді iPod/iPhone

Радио-сағат мына iPod және iPhone үлгілеріне қолдау көрсетеді:

- Мыналар үшін жасалған.
- iPod touch (5-буын)
- iPod nano (7-буын)
- iPhone 5

iPod/iPhone құрылғыларындағы дыбысты тыңдау (5-сурет)




Ескертпе

- Орнату алдында **үшінші тұтқа**CLOCK (сағат) күйіне ауыстырылғанын тексеріңіз.

- 1 iPod/iPhone құрылғысын докқа қойыңыз.
- 2 iPod/iPhone режимін таңдау үшін, **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
↳ Дисплей панелінде  жанады.
- 3 iPod/iPhone құрылғысындағы дыбысты ойнатыңыз.
- 4 Алдыңғы немесе келесі жолды таңдау үшін, **екінші тұтқаны** бұраңыз.

iPod/iPhone құрылғысын шығарып алу үшін:

iPod/iPhone құрылғысын доктан тартып шығарыңыз.



iPod/iPhone құрылғысын зарядтау

Радио-сағат қуат көзіне қосылған кезде докқа қойылған iPod/iPhone зарядтала бастайды.

Дыбыс деңгейін реттеу

Дыбыс деңгейін **VOLUME +/-** түймесін қайта-қайта басу арқылы реттеуге болады.

5 FM радионы тыңдау

FM радио станцияларын реттеу



Кеңес

- Антеннаны теледидардан, бейнемагнитофоннан немесе басқа радиация көзінен мүмкіндігінше алыс қойыңыз.
- Жақсырақ қабылдау үшін, антеннаны толық шығарып, орнын дұрыстаңыз.



Ескертпе

- Орнату алдында **үшінші тұтқаCLOCK** (сағат) күйіне ауыстырылғанын тексеріңіз.

- 1 FM тюнер көзін таңдау үшін, **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
↳ Дисплей панелінде **FM** жанады.
- 2 **Екінші тұтқаны** бұрап, екі секунд бойы ұстап тұрыңыз.
↳ Радио-сағат күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.
- 3 Көбірек радиостанцияларды реттеу үшін, 2-қадамды қайталаңыз.

Станцияны қолмен реттеу үшін:

Оңтайлы қабылдауды тапқанша **екінші тұтқаны** қайта-қайта бұраңыз.

FM радио станцияларын автоматты түрде сақтау



Ескертпе

- Ең көбі 20 FM радиостанциясын сақтауға болады.

- 1 FM режимінде **үшінші тұтқаныSET RADIO** (радионы орнату) күйіне бұраңыз.
↳ **FM** жыпылықтай бастайды.
- 2 **Бірінші тұтқадаOK** түймесін үш секунд бойы басып тұрыңыз.
↳ Радио-сағат барлық қол жетімді FM радиостанцияларын сақтайды және бірінші қол жетімді станцияны автоматты түрде таратады.

FM радио станцияларын қолмен сақтау

- 1 FM режимінде **үшінші тұтқаныSET RADIO** (радионы орнату) күйіне бұраңыз.
↳ **FM** жыпылықтай бастайды.
- 2 **Екінші тұтқаны** бұрап, екі секунд бойы ұстап тұрыңыз.
↳ Дисплей панелінде соңғы таңдалған арна көрсетіледі.
- 3 Мақсатты алдын ала орнату күйін таңдау үшін, **бірінші тұтқаны** қайтадан бұраңыз.
- 4 Растау үшін **OK** түймесін **бірінші тұтқада** басыңыз.
- 5 Басқа станцияларды сақтау үшін, 2 - 4-қадамдарды қайталаңыз.



Ескертпе

- Алдын ала сақталған станцияны алып тастау үшін оның орнына басқа станцияны таңдаңыз.

Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау



Ескертпе

- Орнату алдында **үшінші тұтқаCLOCK** (сағат) күйіне ауыстырылғанын тексеріңіз.

- 1 FM тюнер көзін таңдау үшін, **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
↳ Дисплейде жанады.
- 2 Алдын ала орнатылған радиостанцияны таңдау үшін, **бірінші тұтқаны** қайта-қайта бұраңыз.

6 Басқа мүмкіндіктер

Оятқыш таймерін орнату

Күту режимінде екі оятқышты әр түрлі уақытта сигнал шығаратын орнатуға болады.



Ескертпе

- Сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- 1 Дабылды орнату режимін белсендіру үшін, **үшінші тұтқаныSET AL1** немесе **SET AL2** күйіне бұраңыз.
↳ / және уақыт сандары жыпылықтайды.
- 2 Сағатты реттеу үшін, **бірінші тұтқаны** бұраңыз.
- 3 Минутты реттеу үшін, **екінші тұтқаны** бұраңыз.
- 4 Растау үшін **OK** түймесін **бірінші тұтқада** басыңыз.
- 5 Орнатудан кейін **үшінші тұтқаныCLOCK** (сағат) күйіне бұраңыз.


Оятқыш көзін таңдаңыз (8-сурет)

Оятқыш дыбысы ретінде зуммерді, соңғы тыңдаған радиостанцияны немесе iPod/iPhone құрылғысында соңғы ойнатылған дыбысты таңдауға болады.



Кеңес

- Егер оятқыштың көзі ретінде DOCK (ДОК) таңдалған болса да, дыбыс ойнатылмаса, оятқыш уақыты келгенде дыбыстық сигнал естіледі.
- Егер оятқыш көзі ретінде FM таңдалған және FM режимінде DOCK ойнатылып жатса, оятқыш уақыты келгенде дыбыстық сигнал естіледі.



Оятқыш таймерін іске қосу/ажырату

Ескертпе

- Орнату алдында **үшінші тұтқаCLOCK** (сағат) күйіне ауыстырылғанын тексеріңіз.

- 1 Оятқыш параметрлерін көру үшін, **AL1/AL2** түймесін басыңыз.
↳ **⌚ / ⌚** жанады.
- 2 Оятқыш таймерін іске қосу немесе ажырату үшін, **AL1/AL2** түймесін қайтадан басыңыз.
↳ Оятқыш таймері қосылып тұрса, **⌚ / ⌚** көрсетіледі, ал өшіп тұрса, ол көрінбейді.
 - Шығып жатқан оятқышты тоқтату үшін, сәйкес **AL1/AL2** түймесін басыңыз.
 ↳ Оятқыш қоңырау келесі күні қайтадан соғылады.

Оятқышты кейінге қалдыру

Оятқыш дыбысы шыққанда, **SNOOZE** түймесін басыңыз.

- ↳ Оятқыш кейінге қалдырылып, тоғыз минуттан кейін қайтадан шырылдайды.

Ұйқы таймерін орнату

Ескертпе

- Орнату алдында **үшінші тұтқаCLOCK** (сағат) күйіне ауыстырылғанын тексеріңіз.

Осы радиосағат алдын ала орнатылған кезеңнен кейін күту режиміне автоматты түрде ауыса алады.

- Ұйқы таймерінің кезеңін (минуттар түрінде) таңдау үшін, **SLEEP** түймесін қайта-қайта басыңыз.
↳ Ұйқы таймері іске қосылғанда, **zZ** көрсетіледі.

Ұйқы таймерін ажырату үшін:

- **[OFF]** (ажырату) пайда болғанша **SLEEP** түймесін қайта басыңыз.

15 → 30 → 60 → 90 → 120



Сыртқы құрылғыдан дыбыс ойнату (7-сурет)

Ескертпе

- Орнату алдында **үшінші тұтқаCLOCK** (сағат) күйіне ауыстырылғанын тексеріңіз.

Осы радио-сағат арқылы сыртқы құрылғыдан дыбысты тыңдауға болады.

- 1 Дыбыстық кабельді мынаған жалғаңыз:
 - радио-сағаттағы **AUDIO IN** ұяшығы және
 - сыртқы құрылғыдағы құлақсапп розеткасы.
- 2 Audio-in көзін таңдау үшін, **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
↳ Дисплей панелінде **🔊** жанады.
- 3 Сыртқы құрылғыны ойнату (оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

7 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты 5 Вт ОКМ

Теңшегіш

Реттеу ауқымы	FM: 87,5 - 108 МГц
Сезімталдық - Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы	FM: <22 дБф
Іздеуді таңдау мүмкіндігі	FM: <30 дБф
Гармоникалық мазмұн	FM: <3 %
Шу коэффициентіне сигнал	FM: >50 дБА

Жалпы ақпарат


Қуат көзі	Үлгі:
- АТ адаптері	ASSA36E-090160;
- Батарея	Кіріс: 100-240 В ~, 50/60 Гц, 0,6 мА Шығыс: 9,0 В --- 1600 мА 2 x AA батареясы

Жұмыс үшін қуат <15 Вт


тұтынуы

Күту режимінде қуат <1 Вт

тұтынуы



Дисплей жарықтығын реттеу (8-сурет)



Өлшемдер - негізгі құрылғы (Е x Б x К)	195 x 99 x 113 мм
Салмағы - негізгі құрылғы	0,79 кг

8 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Қуат сымы дұрыстап қосылғанын тексеріңіз.
- Қуат көзі ұяшығында қуат бар екенін тексеріңіз.
- Батареялардың дұрыс салынғанын тексеріңіз.

Радио-сағаттан жауап жоқ

- АТ адаптерінің ашасын ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін радио-сағатты қайтадан қосыңыз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Радио бөгеуілдерге жол бермеу үшін радиосағатты басқа электрондық құрылғылардан алыс ұстаңыз.
- FM антеннасын түгелдей созып, реттеңіз.

Оятқыш жұмыс істемейді

- Сағатты/оятқышты дұрыстап орнатыңыз.

Сағат/оятқыш параметрі өшіріліп кеткен

- Қуат үзілген немесе қуат ашасы ажыратылған.
- Сағатты/оятқышты бастапқы қалпына келтіріңіз.

9 Ескерту

Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.

Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы

Бірінші тұтқа / Екінші тұтқа / Үшінші тұтқа
Ойнату кезінде алдыңғы немесе келесі
жолды таңдау үшін, екінші тұтқаны
жылжытыңыз.

Орнату алдында үшінші тұтқа **CLOCK** (сағат)
күйіне ауыстырылғанын тексеріңіз.

FM радиостанцияларын қолмен сақтау.
(Ең көбі 20 FM радиостанциясын сақтауға
болады.)

FM радио станцияларын қолмен сақтау.
(Басқа станцияларды сақтау үшін, 2~4
қадамдарын қайталаңыз)

Алдын ала орнатылған радиостанцияны
таңдау.

Күту режиміне ауысу.

Пайдаланушы нұсқаулығын жүктеп алу үшін,
www.philips.com/support торабына кіріңіз.

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген
құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер
немесе түрлендірулер пайдаланушының
жабдықты пайдалану құқығынан айыруы
мүмкін.

Сәйкестік туралы декларация



Осы құжат арқылы WOOX Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support сайтынан табуыңызға болады.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/EC нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтініміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/EC Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен

танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



«iPod үшін жасалған» және «iPhone үшін жасалған» электрондық қосалқы құралдың арнайы iPod немесе iPhone құрылғысына қосылу үшін жасалғанын, сәйкесінше Apple өнімділік стандарттарына сәйкес келу үшін әзірлеуші тарапынан куәландырылғанын білдіреді. Apple компаниясы бұл құрылғының жұмысына немесе оның қауіпсіздік және нормалық стандарттарға сәйкестігіне жауапты емес. Осы қосалқы құралды iPod немесе iPhone құрылғысымен пайдалану сымсыз жұмысқа әсер етуі мүмкін екендігін ескеріңіз.

iPod және iPhone — Apple Inc. корпорациясының АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген сауда белгілері.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында.



Specifications are subject to change without notice
2014 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved. Philips
and the Philips' Shield Emblem are registered trademarks of
Koninklijke Philips N.V. and are used by WOOX Innovations
Limited under license from Koninklijke Philips N.V.

AJ6200D_AJ6200DB_12_UM_V3.0

